



**«ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІН БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОМПАНИЯ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
(KAZAKHSTAN ELECTRICITY GRID OPERATING COMPANY)
«KEGOC»**

**БЕКІТІЛДІ
«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің
2015 жылғы «10» желтоқсандағы
№ 8 хаттамасы**

ЕРЕЖЕ

«KEGOC» АҚ ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТЫН БАСҚАРУ

ЕрКЕГОС00-531-15-СД

№ _____ дана

1-ші басылым

Енгізілген күні 10.12.2015 ж.

Астана

Мазмұны

1 Қолдану аясы	3
2 Нормативтік сілтемелер	3
3 Терминдер және анықтамалар	4
4 Белгілеулер және қысқартулар	4
5 Жауапкершілік пен өкілеттіктер	5
6 Жалпы ережелер	5
7 Инсайдерлік ақпараттың тізбесі	6
8 Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі және мерзімдері	7
9 Инсайдерлерді айқындау. Инсайдерлер тізімін жүргізу тәртібі, өзекті күйінде сақтау	8
10 Қоғамның инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар тізімге енгізу/тізімнен шығару жағдайларында тұлғаларға хабарлау тәртібі және мерзімдері	
11 Қоғамның инсайдерлері болып табылатын заңды тұлғалардың Қоғамға ақпарат ұсынуы	10
12 Инсайдерлердің міндеттері, инсайдерлер үшін белгіленген шектеулер, инсайдерлік ақпараттың құпиялығын қамтамасыз ету	11
13 Инсайдерлік ақпаратты қолдану тәртібі	12
14 Инсайдерлік ақпаратты ашу үшін қолданылатын бұқаралық ақпарат құралдарының тізбесі	13
15 Осы ережені басқару	13
	14
Қосымша 1 Инсайдерлер тізімінің нысаны	15
Қосымша 2 Тұлғаны «КЕГОС» АҚ Инсайдерлер тізіміне енгізу туралы хабарламаның нысаны	16
Қосымша 3 Мақұлдау парағы	18
Қосымша 4 Танысу парағы	20
Қосымша 5 Өзгерістерді тіркеу парағы	21
Қосымша 6 Мерзімді тексерулерді есепке алу парағы	22

Осы ережені «КЕГОС» АҚ БМЖ жөніндегі басшылық өкілінің рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, тираждауға және таратуға тыйым салынады.

1 Қолдану аясы

1.1 Осы ереже инсайдерлік ақпаратты басқару рәсімін, инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібін, «Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «КЕГОС» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «КЕГОС» АҚ, Қоғам) инсайдерлер тізімін белгілеу және өзекті қалпында сақтау тәртібін айқындайды.

1.2 Осы ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және «КЕГОС» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және ұйымдастырылған және/немесе ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында инсайдерлердің «КЕГОС» АҚ акцияларымен жасалған кез келген мәмілелеріне тарайды.

1.3 Осы ережелердің талаптарын «КЕГОС» АҚ Атқарушы дирекциясының (бұдан әрі - АД) барлық құрылымдық бөлімшелері, филиалдары, өкілдіктері және осы ережеге сәйкес басқа да инсайдерлер қолданады.

1.4 Осы ережелер «КЕГОС» АҚ-нің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және Қоғамның барлық инсайдерлерінің танысуы үшін Қоғамның корпоративтік веб-сайтында жариялануы тиіс.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы ережеде Қазақстан Республикасының келесі нормативтік құқықтық актілеріне және нормативтік құжаттарына сілтемелер қолданылады:

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңы;

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 02 шілдедегі Заңы;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2012 жылғы 24 ақпандағы №69 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында Инсайдерлік ақпаратты ашу қағидалары (бұдан әрі – Инсайдерлік ақпаратты ашу қағидалары);

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2012 жылғы 24 ақпандағы № 72 қаулысымен бекітілген Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының ғаламтор қайнар көзінде корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, сондай-ақ жыл қорытындылары бойынша атқарушылық орган мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидалары (бұдан әрі – Ақпаратты орналастыру қағидалары);

Листингтік ережелер;

Қоғамның Басқарма Төрағасының 2015 жылғы 14 шілдедегі № 161 «Ашуға жататын ақпараттың тізбесі туралы» бұйрығы (бұдан әрі - № 161 бұйрық);

СТ КЕГОС 00-101-10 Ұйымның стандарты. Құжаттарды басқару.

3 Терминдер және анықтамалар

Осы ережеде Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңдарына сәйкес терминдер және анықтамалар, соның ішінде сәйкес анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

3.1 Акция: Акционерлік қоғам шығаратын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд және қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз;

3.2 Аффилиирленген тұлғалар - тікелей және (немесе) жанама түрде шешімдерді айқындауға және (немесе) әрқайсысы (тұлғалардың бірі) қабылдайтын шешімге, оның ішінде жасалған мәмілеге орай ықпал етуге мүмкіндігі бар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) жеке немесе заңды тұлғалар. Қоғамның аффилиирленген тұлғаларының тізбесі осы Заңның 64-бабында белгіленеді;

3.3 Инсайдер: Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлға;

3.4 Инсайдерлік ақпарат: бағалы қағаздар, олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды шығарған (берген) эмитент, ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын дәйекті ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беймәлім, жария етілуі бағалы қағаздар құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне ықпал етуі мүмкін өзге де ақпарат;

3.5 Уәкілетті орган: Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеуді іске асыратын мемлекеттік орган;

3.6 Қаржылық есептілік депозитарийі: Ұйымдар жыл сайын тапсыратын, жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың пайдаланушылары үшін қолжетімді корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты қамтитын электрондық деректер қоры;

3.7 Тыйым салу кезеңі: Есептік тоқсаннан кейінгі айдың бірінен бастап Қоғамның аралық (тоқсандық, жарты жылдық), жылдық қаржылық есептілігін ашу (жариялау) сәтіне дейінгі уақыт аралығы;

3.8 Корпоративтік веб-сайт – қоғамға тиесілі және уәкілетті орган белгілеген талаптарға сай келетін ғаламтор қайнар көзіндегі келесі мекен-жайы бар ресми электрондық сайт: www.kegos.kz;

3.9 Корпоративтік оқиғалар – акционерлік қоғамның қызметіне елеулі ықпал ететін, осы Заңның 79-бабында айқындалған акционерлік қоғамның акционерлері мен инвесторларының мүдделерін қозғайтын оқиғалар;

3.10 Бағалы қағаздар рыногында айла-шарғы жасау: қаржы нарығы субъектілерінің ұсыныс пен сұраныстың объективті арақатынасы нәтижесінде бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына, оның ішінде шетелдік валюталар мен туынды қаржы құралдарына орныққан бағадан жоғары немесе төмен баға белгілеуге және ұстап тұруға, бағалы қағазбен немесе өзге де қаржы құралдарымен сауда-саттықтың көрінісін жасауға, инсайдерлік ақпаратты пайдаланып мәміле жасауға бағытталған әрекеттері;

3.11 БАҚ: мерзімді баспа басылымы, теле-, радиоарна, кинодокументалистика, аудиобейне жазба және ғаламтор қайнар көздерін қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жариялы таратудың өзге нысаны.

4 Белгілеулер және қысқартулар

Осы ережеде келесі қысқарған сөздер қолданылады:

Құжатты заңсыз көшіруге тыйым салынады

«КЕГОС» АҚ - «Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» акционерлік қоғамы (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «КЕГОС»;

КASE – «Қазақстандық қор биржасы» акционерлік қоғамы;

АД – Атқарушы дирекция;

Өкілдік – Алматы қаласындағы «КЕГОС» АҚ өкілдігі;

ИБД – Инвесторлармен байланыс департаменті.

5 Жауапкершілік пен өкілеттіктер

5.1 Осы ереже «КЕГОС» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

5.2 Осы ережеде көрсетілген талаптардың енгізілуін бақылауды Басқарма төрағасының Корпоративтік басқару жөніндегі орынбасары іске асырады.

5.3 Осы ереже талаптарының Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуіне ИБД директоры жауапты.

5.4 Осы ережені басқару үшін ИБД менеджері жауапты.

5.5 Құрылымдық бөлімшелердің, филиалдардың және Өкілдіктердің басшылары осы ереженің талаптарының орындалуына жауапты.

5.6 Қоғам инсайдерлердің осы ереженің талаптарын бұзғаны туралы ақпарат алуы кезінде Басқарма төрағасы немесе Директорлар кеңесі ұсынылған өкілеттер шегінде инсайдерге қатысты қолданатын шаралар туралы келесі шешімдер қабылдайды (бірақ олармен шектелмейді):

- 1) бұдан кейін осы ереженің талаптарын бұзуға жол бермеу туралы талап;
- 2) осы ереженің сақталуын бақылауды күшейту;
- 3) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қолданылуы мүмкін жағдайларда тәртіптік жазалау шаралары;
- 4) Қоғамға инсайдердің іс-қимылдарынан болған материалдық нұқсанды және/немесе іскерлік беделіне келтірілген нұқсанды өтеу туралы талап;
- 5) материалдарды әкімшілік немесе қылмыстық іс қозғау үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға жолдау;
- 6) өзге легитимдік шаралар.

6 Жалпы ережелер

6.1 Осы ереже мыналарды көздейді:

- 1) инсайдерлік ақпараттың тізбесі;
- 2) инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі және мерзімдері;
- 3) инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығын ажырату және инсайдерлердің осындай ақпаратты заңсыз қолдану мүмкіндігіне жол бермеу;
- 4) Қоғамның инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығына ие тұлғалардың тізімін жүргізу, өзекті күйінде сақтау, сондай-ақ оларды тізімнен шығару тәртібі;
- 5) Қоғамның инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар тұлғаларды тізімге енгізу/тізімнен шығару жағдайларында хабарлау тәртібі және мерзімдері;

- 6) Қоғамның инсайдерлері болып табылатын заңды тұлғалардың Қоғамға ақпаратты ұсыну тәртібі;
- 7) инсайдерлердің міндеттері, инсайдерлерге қойылатын шектеулер, инсайдерлік ақпараттың құпиялығын қамтамасыз ету;
- 8) инсайдерлік ақпаратты қолдану тәртібі;
- 9) инсайдерлік ақпаратты ашу үшін қолданылатын бұқаралық ақпарат құралдарының тізбесі;
- 10) инсайдерлердің инсайдерлік ақпаратты қолдану талаптарын бұзу жағдайындағы жауаптылығы.

7 Инсайдерлік ақпараттың тізбесі

7.1 Инсайдерлік ақпаратқа келесілер жатады:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерінің жобалары туралы мәліметтер, Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер;
- 2) Директорлар кеңесі шешімдерінің жобалары туралы мәліметтер, Қоғамның бағалы қағаздар бағамына әсерін тигізуі мүмкін инвесторлар мен акционерлердің мүддесін қозғайтын Директорлар кеңесінің шешімдері;
- 3) Қоғамның органдары құрамының өзгеруі туралы мәліметтер;
- 4) Қоғамның дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызына (үлесіне) ие акционерлер (қатысушылар) құрамының өзгеруі туралы мәліметтер;
- 5) Қоғамды, оның еншілес ұйымдарын және бағынышты акционерлік қоғамдарды қайта құру немесе жою туралы мәліметтер;
- 6) Қоғамның заңды тұлға қызметін құруға/тоқтатуға қатысуы;
- 7) Қоғам акциялары (үлесі, пайы) он және одан көп пайызына иелік ететін әрбір ұйымның тізіміндегі ұйымдардың тізімін өзгерту;
- 8) Қоғамның мүлкіне тыйым салу;
- 9) Қоғамның активінің бес және одан көп пайызын құрайтын сомаға Қоғамның мүлігін кепілге (қайта кепілдеуге) беру туралы мәліметтер;
- 10) Қоғамның қызметтің қандай да бір түрлерін іске асыруға лицензиялар алуы туралы, Қоғамның қызметтің қандай да бір түрлерін іске асыруға алынған лицензияларын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы мәліметтер;
- 11) Қоғамның бағалы қағаздар шығару проспектісіне өзгерістер енгізу туралы мәліметтер;
- 12) Қоғамның акциялар және басқа да бағалы қағаздар шығарылымы мен жоспарланған шығарылым туралы мәліметтер, уәкілетті органмен Қоғамның бағалы қағаздарды орналастыру қорытындысы, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есепті бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын ақпарат жалпыға қолжетімді болғанға дейін жоюы;
- 13) Қоғамның мәміле нысаны болып табылатын мүлкі Қоғам активтерінің он және одан көп пайызын құрайтын мәмілелерді жасасу туралы мәліметтері (ірі мәміле);
- 14) Қоғамның мүддесі бар мәмілелерді жасау туралы мәліметтер (Қоғамның аффилиирленген тұлғаларымен жасалатын мәмілелер);

15) Қоғамның меншікті капиталының жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшердегі қарыз алуы туралы мәліметтер;

16) Теңгерімдік құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінен он және одан көп пайызын құрайтын мүліктің жойылуына әкеп соққан, төтенше сипаты бар жағдайлардың орын алуы;

17) Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапқа тарту;

18) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;

19) Қоғамды мәжбүрлеп қайта құру туралы мәліметтер;

20) Қоғамның қаржылық есептілік жобалары және олардың аудиторлық есебі, Қоғамның қаржылық есептілігі (жылдық, тоқсандық, жарты жылдық) және олардың аудиторлық есептері;

21) Қоғамның бұрын ашылған қаржылық есептілігінде анықталған қателер, Қоғамның акцияларының құнына әсер ететін болса;

22) Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша мәліметтер;

23) Қоғамды дамытудың стратегиялық бағыттары туралы мәліметтер;

24) Қоғамның және оның компоненттерінің даму жоспары туралы мәліметтер;

25) Қоғамның шоттарындағы ақшалай қаражаттың қалдықтары туралы мәліметтер;

26) Қоғамның бағалы қағаздары, олармен жасалған мәмілелер туралы, Қоғам туралы, оның жүзеге асыратын, коммерциялық құпияны құрайтын қызметі туралы басқа да шынайы ақпарат, сондай-ақ, үшінші тұлғаларға беймәлім, ашылуы Қоғамның бағалы қағаздар құнының өзгеруіне және Қоғамның қызметіне әсерін тигізуі мүмкін басқа ақпарат;

27) аталмыш ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін, Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның акционерлері мен инвесторларының мүддесін қозғайтын басқа оқиғалар.

7.2 Мыналар инсайдерлік ақпаратқа жатпайды:

1) Қоғамның акцияларымен операцияларды жүзеге асыру туралы инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүргізілген, Қоғамның акциялар құнына, Қоғамның мүліктік жағдайына қатысты зерттеулерді, болжамдарды және бағалауды қоса алғандағы жалпыға қолжетімді мәліметтер негізінде әзірленген ақпарат;

2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған мәлімет;

3) тұлғалардың кең шеңбері арасында таралған, таралу көзі белгісіз, расталмаған ақпарат, сондай-ақ эмитенттің ағымдағы және жоспардағы қызметіне қатысты болжамдар.

8 Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі және мерзімдері

8.1 Инсайдерлік ақпаратты ашу «Акционерлік қоғамдар туралы», «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарымен, Ақпаратты орналастыру ережелерімен, Листингтік ережелермен, осы ережелермен, сондай-ақ № 161 бұйрықта белгіленген тәртіпке, талаптар мен мерзімдерге сәйкес іске асырылады.

Құжатты заңсыз көшіруге тайым салынады

8.2 Инсайдерлік ақпаратты ашу Қоғамның, KASE ғаламтор қайнар көздерінде және/немесе Қаржылық есептілік депозитарийінде орналастыру арқылы, сондай-ақ нормативтік актілермен көзделген жағдайларда барлық мүдделі тұлғалар үшін баспа басылымдарында қазақ, орыс және ағылшын (қажет болғанда) тілдерінде жариялау арқылы іске асырылады.

8.3 Егер Қоғам және/немесе оның лауазымды тұлғалары мәміленің мүдделі тарапы болып табылса немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатын болса, немесе мәміленің мүдделі тарапы болып табылатын немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатын заңды тұлғаның аффилиирленген тұлғалары болып табылса , онда олар Қоғамның Директорлар кеңесіне келесі ақпаратты хабарлауы тиіс:

1) өздерінің мәміленің тарапы болып табылатыны немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатыны туралы үш жұмыс күні ішінде хабарлау;

2) өздерінің аффилиирленген заңды тұлғалары туралы, соның ішінде дербес иелік ететін немесе дауыс беруші акциялардың (үлес, пай) он және одан көп пайызымен өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесіп иелік ететін, және органдарында қызметте тұратын заңды тұлғалар туралы;

3) өздері мүдделі тұлға болып танылуы мүмкін өздеріне белгілі, жасалатын немесе болжамды, мәмілелер туралы.

8.4 Осы ереженің 8.3-тармағының 1) және 3) тармақшалары бойынша ақпаратты мәмілелердің бастамашылары ұсынған материалдар негізінде ИБД қалыптастырады және Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін ақпараттандыру үшін Қоғамның Корпоративтік хатшысына жолданады:

- осы ереженің 8.3-тармағының 1) тармақшасы бойынша – үш жұмыс күні ішінде;

- осы ереженің 8.3-тармағының 3) тармақшасы бойынша – әр тоқсан сайын, есептік тоқсаннан кейінгі айдың он жұмыс күні ішінде.

8.5 Осы ереженің 8.3-тармағының 2) тармақшасы бойынша ақпаратты Корпоративтік хатшының қызметі қалыптастырады және тоқсан сайын жаңартылады, есептік тоқсаннан кейінгі айдың отыз күнтізбелік күні ішінде.

Осы ереженің 8.3-тармағында көрсетілген мәліметтер Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне электрондық байланыс құралдары арқылы және/немесе Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің осындай ақпаратты алуын растайтын басқа жолмен ұсынылады.

8.6 Ақпаратты ашу мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) KASE ережелерімен белгіленбеген өзге инсайдерлік ақпарат (Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес құпиялық ақпаратқа жатқызылған ақпаратты қоспағанда) оның туындау күнінен кейінгі үш жұмыс күні ішінде ашуға жатады.

9 Инсайдерлерді айқындау. Инсайдерлер тізімін жүргізу және оны өзекті күйінде сақтау тәртібі

9.1 Инсайдерлер ретінде келесі тұлғалар танылады:

1) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу құқығына ие Қоғамның жұмыскерлері;

2) Қоғамның дауыс беруші акцияларының он немесе одан көп пайызына (жарғылық капиталға қатысу үлесі) тікелей немесе жанама иелік ету, пайдалану және (немесе) өкімдік етуге байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығына ие тұлғалар;

3) аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары және Қоғамға инсайдерлік ақпаратты ашуды көздейтін шартқа сәйкес (соның ішінде, ауызша) қызмет көрсететін басқа да тұлғалар;

4) тізіміне Қоғам шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар енгізілген саудасаттықты ұйымдастырушы;

5) Сауда жүйесінде Қоғамның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасалатын, Бағалы қағаздармен мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану мәселелерін қарау мақсатында құрылған, KASE директорлар кеңесінің мүшелері, KASE листингтік комиссиясы және KASE сарапшылық комитеті;

6) бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі функцияларына байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығына ие мемлекеттік қызметшілер;

7) Қоғам және осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген, инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу өкілеттері бар ұйымдар мүшелік ететін қоғамдық бірлестіктер және өзін-өзі реттейтін ұйымдар;

8) осы тармақтың 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттемелеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығына ие қызметкерлері;

9) осы тармақтың 1) – 8) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан инсайдерлік ақпаратты алған тұлғалар.

9.2 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ИБД осы ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысанда, осы ереженің 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген инсайдерлер тізімін жүргізуді және жанданған күйінде сақтауды іске асырады.

9.3 Инсайдерлер тізімін қалыптастыру үшін құрылымдық бөлімшелер, филиалдар және өкілдіктер ИБД-ға осы ереженің 9.1-тармағының 1) - 4) тармақшаларына сәйкес төмендегі құзыреттер бойынша ақпаратты ұсынады:

- 1) тармақша бойынша – құрылымдық бөлімшелер, Өкілдік, Корпоративтік хатшы, Қоғамның Ішкі аудит қызметі;

- 3) тармақша бойынша – құрылымдық бөлімшелер, филиалдар және Өкілдік – шарттың талаптары инсайдерлік ақпаратты беруді көздейтін болса, шарттың бастамашылары. Шарттың бастамашылары осындай жағдайларда шартта контрагенттің осы ереженің 11.1-тармағына сәйкес жұмыскерлер тізімін ұсыну жөніндегі міндетін, сондай-ақ контрагенттің тізімді ұсыну мерзімдерін бұзғаны үшін жауаптылық қарастыру керек.

2) және 4) тармақшалар бойынша мәліметтер ИБД-да қалыптастырылады.

9.4 Инсайдерлер тізіміне енгізілетін тұлғалар бойынша ақпарат ИБД-ға ұсынылады:

1) бірінші рет – осы ережені бекіткен күннен бастап бір айдың ішінде;

2) кейіннен – өзгерістер пайда болған сәттен бастап 10 күнтізбелік күндер ішінде.

9.5 ИБД тоқсан сайын, есептік тоқсаннан кейінгі айдың он бесіне дейін:

- инсайдерлер тізімін құрайды және тоқсан сайын осы ереженің 9.3-тармағына сәйкес алынған ақпараттың негізінде оны жандандыруды іске асырады;

- тоқсан сайын күнтізбелік тоқсаннан кейінгі айдың жиырмасына дейін тізімді есептік тоқсаннан кейінгі айдың біріндегі жағдайы бойынша Қоғамның Басқарма төрағасының бекітуіне береді;

- тоқсан сайын әрбір күнтізбелік тоқсан өткеннен кейінгі отыз күнтізбелік күн ішінде КАСЕ-ге есептік тоқсаннан кейінгі айдың біріндегі жағдайы бойынша инсайдерлер тізімін ұсынуды қамтамасыз етеді.

9.6 Инсайдерлер тізімі ИБД-да сақталады.

9.7 Инсайдерлер тізімі Қоғамның құпия ақпараты болып табылады.

9.8 ИБД уәкілетті органның талабы бойынша, уәкілетті органның талабында көрсетілген мерзімде инсайдерлер тізімін ұсынуды қамтамасыз етеді.

9.9 Инсайдерлер тізімінен шығаруды осы ереженің 9.3-тармағына сәйкес, инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығына ие тұлғалар туралы мәліметтердің жаңартылуына қарай ИБД іске асырады.

10 Қоғамның инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар тізімге енгізу/тізімнен шығару жағдайларында тұлғаларға хабарлау тәртібі және мерзімдері

10.1 ИБД осы ереженің 9.1-тармағының 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға инсайдерлер тізіміне енгізу/тізімнен шығару туралы жазбаша хабарламаны қамтамасыз етеді, сондай-ақ «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 56-1-бабының және осы ереженің инсайдерлік ақпаратты қолдану бөлігіндегі талаптары туралы ақпараттандырады.

10.2 Қоғамның осы ереженің 9.1-тармағы 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген инсайдерлер тізіміне енгізу/тізімнен шығару туралы хабарлама Қоғамның инсайдерлер тізіміне енгізу/тізімнен шығару күнінен кейінгі 10 жұмыс күнінен кешіктірмей, Қоғамның инсайдері болып табылатын тұлғаға жіберіледі.

10.3 Хабарлама осы ереженің 9.1-тармағы 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген инсайдердің қолына немесе тапсырыс почта арқылы жіберіледі.

10.4 Қоғамның осы ереженің 9.1-тармағы 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген инсайдері хабарламаға қол қоюы керек және хабарламаны алған күннен бастап 7 жұмыс күнінен кешіктірмей «КЕГОС» АҚ мекен-жайына почта арқылы қайтаруы тиіс.

10.5 ИБД барлық жіберілген және алынған хабарламалардың есебін жүргізеді. Жіберілген және алынған хабарламалар туралы толық ақпарат тұлғаны Қоғамның инсайдерлер тізімінен шығарған күннен бастап, өзге мерзім Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделмесе, ИБД басшысында үш жыл бойы сақталады.

10.6 Осы ереженің 7.1-тармағында айқындалған инсайдерлік ақпаратты бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі ұсынылған функцияларға байланысты мемлекеттік органдарға немесе жекелеген мемлекеттік қызметшілерге ұсыну жағдайында, Қоғамның осындай ақпаратты ұсынатын құрылымдық бөлімшесі Қоғамның инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтау, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты қолдануға

Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы ережемен салынатын тыйымдарды сақтау қажеттігі туралы жазбаша хабарлама беруі тиіс.

11 Қоғамның инсайдерлері болып табылатын заңды тұлғалардың Қоғамға ақпарат ұсынуы

11.1 Осы ереженің 9.1-тармағының 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 56-1-бабы 6-тармағына сәйкес төмендегілерді іске асырады:

1) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу құқығына ие жұмыскерлер тізімін жүргізу;

2) өздерінің жұмыскерлерін «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және осы ереженің Қоғамның инсайдерлік ақпаратын заңсыз қолдануға тыйым салу бөлігіндегі талаптары туралы ақпараттандыру;

3) Қоғамды өздерінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу құқығы бар жұмыскерлері туралы жазбаша ақпараттандыру:

- бірінші рет – осы ережені бекіту туралы хабарлама алған сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде;

- кейіннен – өзгерістер туындаған сәттен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде.

12 Инсайдерлердің міндеттері, инсайдерлер үшін белгіленген шектеулер, инсайдерлік ақпараттың құпиялығын қамтамасыз ету

12.1 Инсайдерлер міндетті:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы ереженің инсайдерлік ақпаратты қолдану бөлігіндегі талаптарын орындау;

2) Қоғамның инсайдерлік ақпаратының құпиялығын сақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты қолдануға Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы ережеде салынған тыйымдарды сақтау;

3) инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығы бар тұлғаның мәртебесі жойылған кезде, Қоғамға оның иелігіндегі инсайдерлік ақпаратты қамтитын тасығыштардың барлығын тапсыру және/немесе осындай ақпаратты жою бойынша шаралар қабылдау;

4) өзге тұлғалардың инсайдерлік ақпаратты ашпауына бағытталған шараларды қабылдау.

12.2 Қоғамның жұмыскерлері инсайдерлік ақпаратты қамтитын құжаттардың, файлдардың, сейфтердің (қоймалардың) кілттерін, өткізу құжатын, құпия сөздердің жоғалуы немесе толық тапсырылмауы немесе инсайдерлік ақпаратқа заңсыз қол жеткізу және осыған ұқсас фактілер мен жағдайлар туралы өздерінің тікелей басшысына немесе оны алмастыратын тұлғаға дереу хабарлауы тиіс, ол әрі қарай Төрағаның Корпоративтік басқару жөніндегі орынбасарына хабарлайды.

Құжатты заңсыз көшіруге тыйым салынады

12.3 Қоғамның инсайдерлеріне:

- 1) Қоғамның бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу кезінде инсайдерлік ақпаратты қолдануға;
- 2) Директорлар кеңесінің алдын ала келісімен жасалатын мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасауға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратты беруге немесе қол жетімді етуге;
- 4) Қоғамның бағалы қағаздарымен инсайдерлік ақпаратқа негізделген мәмілелерді жасау туралы ұсыныстар беруге;
- 5) бағалы қағаздар рыногында қалыптасатын жағдайға, сондай-ақ нарықтың Қоғам туралы пікіріне немесе Қоғамның бағалы қағаздарының болашақ құнына ықпал ету мақсатында жалған мәліметтер таратуға;
- 6) бағалы қағаздар рыногында айла-шарғы жасау мақсатында Қоғамның акцияларымен мәмілелер жасауға;
- 7) бағалы қағаздар рыногының басқа субъектілеріне бағалы қағаздар рыногындағы іс-қимылдарын өзгерту мақсатында кез-келген нысанда ықпал етуге;
- 8) қоғамдық орындарда инсайдерлік ақпаратқа қатысты әңгіме жүргізуге тыйым салынады.

12.4 Қоғамның өз қызметінде инсайдерлік ақпаратты пайдаланатын құрылымдық бөлімшелері инсайдерлік ақпаратты инсайдерлік ақпараттың құпиялылығына сәйкес режимді қамтамасыз ететін жағдайларда сақтауды қамтамасыз етуі тиіс.

12.5 Қоғам Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің инсайдерлік ақпараттың құпиялылығының сәйкес режимін сақтауға қажетті ұйымдық-техникалық жағдайларды қамтамасыз етеді, соның ішінде:

- 1) еңбек және азаматтық-құқықтық шарттардағы сәйкес талаптар;
- 2) ақпаратты жоғалтудан және оған заңсыз, соның ішінде байланыс арналары арқылы қол жеткізуден сақтайтын, инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қорғаудың ақпараттық-техникалық жүйелердің және аспаптардың болуы;
- 3) өзге де қажетті шаралар.

13 Инсайдерлік ақпаратты қолдану тәртібі

13.1 Қоғам бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасаудың алдын алу мақсатында тыйым салу кезеңін енгізеді, ол кезеңде инсайдерлерге Қоғамның бағалы қағаздарымен, соның ішінде инсайдерлік ақпаратты қолданумен қандай да бір мәмілелер жасауға тыйым салынады.

13.2 Айрықша жағдайларда инсайдер Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның бағалы қағаздарымен тыйым салу кезеңінде мәміле жасауға алдын ала келісім алу үшін жүгінуге құқылы. Бұл ретте Директорлар кеңесі мыналарды қарауы тиіс:

- 1) мәміленің мазмұны (мәміленің түрі: сатып алу, сату, опцион және т.с.с., мәміле құнының нарықтық құнына сәйкестігі, мәмілені жасау мерзімі);

2) мәмілені жасау мақсаттары және оны тыйым салу кезеңі ішінде жасау қажеттігінің себептері;

3) мәміленің Қоғамның инсайдерлік ақпаратын қолданумен немесе бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында іске асырылады деп пайымдауға негіздердің болуы немесе болмауы;

4) жасалатын мәміле Қоғамның бағалы қағаздарының құнына және жалпы нарыққа қаншалықты әсерін тигізе алатыны, және мәмілені Директорлар кеңесі мақұлдаған жағдайларда жасауға рұқсат беру немесе мәмілеге тыйым салу туралы шешім қабылдау.

13.3 Қоғамның осы ереженің 9-1-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген инсайдерлері, Қоғамның бағалы қағаздарымен тыйым салу кезеңінде мәмілелер жасасқан жағдайда, мәмілені жасаған сәттен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде Басқарма төрағасының Корпоративтік басқару жөніндегі орынбасарының атына жасалған мәміле туралы есеп беруі тиіс.

14 Инсайдерлік ақпаратты ашу үшін қолданылатын бұқаралық ақпарат құралдарының тізбесі

Инсайдерлік ақпарат келесі БАҚ-та ашылады:

- Қоғамның корпоративтік веб-сайты: www.kegoc.kz;
- KASE ғаламтор қайнар көзі: www.kase.kz;
- қаржылық есептілік депозитарийінің ғаламтор қайнар көзі: www.dfo.kz;
- нормативтік актілермен көзделген жағдайларда: мерзімді баспа басылымдары (осыларды қамтиды, бірақ шектелмейді): «Казахстанская правда» газеті (www.kazpravda.kz), мерзімділігі – күн сайын, «Егеменді Қазақстан» (www.egemen.kz), мерзімділігі – күн сайын.

15 Осы ережені басқару

15.1 Осы ережені басқару СТ КЕГОС 00-101-10 сәйкес іске асырылады.

15.2 Осы ережені мақұлдау Басқарма төрағасы, Басқарма төрағасының орынбасарлары, басқарушы директорлар, «КЕГОС» АҚ БМЖ бойынша басшылығының өкілі, Ішкі аудит қызметінің басшысы, Корпоративтік хатшы, Корпоративтік басқару департаментінің директоры, Заң департаментінің директоры «Мақұлдау парағына» жазба енгізе отырып келіседі (Қосымша 2).

15.3 Осы ережемен танысу Қоғамның барлық инсайдерлері үшін міндетті болып табылады.

Әзірлеуші:

**Инвесторлармен байланыс
департаментінің менеджері**

_____ **Ш.К. Тоқубаев**

**«КЕГОС» АҚ Инсайдерлік
ақпаратты басқару ережесіне
Қосымша 1**

Инсайдерлер тізімінің нысаны

Н. ЕрКЕГОС00-531-01

**Бекітемін
«КЕГОС» АҚ Басқарма төрағасы**

_____ (қолы) _____ (қолтаңбаны ашу)
« ___ » _____ 20__ ж.

1 Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығына ие жеке тұлғаларға

Жеке тұлғаның тегі, аты (әкесінің аты – болған жағдайда)	Туған күні	Электронды поштаның мекен-жайы, телефон нөмірі және басқа да байланыс деректері	Инсайдерлер тізіміне енгізу негіздемесі	Инсайдерлер тізіміне енгізу негіздеменің пайда болу күні	Инсайдерлер тізіміне енгізілген күні
--	------------	---	---	--	--------------------------------------

2 Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығына ие заңды тұлғалар үшін

Заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) растайтын құжаттың деректемелері	Электронды поштаның мекен-жайы, телефон нөмірі және басқа да байланыс деректері	Инсайдерлер тізіміне енгізу негіздемесі	Инсайдерлер тізіміне енгізу негіздеменің пайда болу күні	Инсайдерлер тізіміне енгізілген күні
--	--	---	---	--	--------------------------------------

**«КЕГОС» АҚ Инсайдерлік
ақпаратты басқару ережесіне
Қосымша 2**

Тұлғаны «КЕГОС» АҚ инсайдерлер тізіміне енгізу туралы хабарламаның
нысаны

Н. ЕрКЕГОС00-531-02

Тұлғаны «КЕГОС» АҚ инсайдерлер тізіміне енгізу туралы хабарлама

Хабарламаны жолдау күні:

«__» _____ 201__ ж.

Сіз «КЕГОС» АҚ инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу құқығына ие болғандықтан, Сіз Қазақстан Республикасы заңнамасының және «КЕГОС» АҚ Инсайдерлік ақпаратты басқару ережесінің (бұдан әрі - Ереже) талаптарына сәйкес, «Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания «КЕГОС» АҚ (бұдан әрі – «КЕГОС» АҚ) инсайдерлер тізіміне енгізілдіңіз.

Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығын тоқтатқан кезде, Сіз «КЕГОС» АҚ инсайдерлер тізімінен шығарыласыз, ол туралы жазбаша хабарлама алатын боласыз.

Инсайдерлік ақпарат: бағалы қағаздар, олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды шығарған (берген) эмитент, ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын дәйекті ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беймәлім, жария етілуі бағалы қағаздар құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне ықпал етуі мүмкін өзге де ақпарат.

«КЕГОС» АҚ инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығын алған тұлғаларды осындай ақпаратқа ие болудың құқықтық салдарлары туралы, соның ішінде инсайдерлік ақпаратты заңсыз қолданғаны немесе таратқаны үшін қолданылатын санкциялармен танысу бойынша қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

Инсайдерлік ақпаратты қолдануға қойылатын шектеулер

«КЕГОС» АҚ инсайдері бола отырып, инсайдерлік ақпаратты ашқанға дейін Сіздің төмендегілерге құқығыңыз жоқ:

- 1) Қоғамның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасасу кезінде инсайдерлік ақпаратты қолдануға;
- 2) Директорлар кеңесінің алдын ала келісімі бойынша жасалатын мәмілелерді қоспағанда, тыйым салу кезеңінде, Қоғамның бағалы қағаздарымен мәміле жасасуға;
- 3) Инсайдерлік ақпаратты Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғаларға қолжетімді етуге;
- 4) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу туралы ұсыныстар беруге;
- 5) қоғамдық орындарда инсайдерлік ақпаратқа қатысты әңгіме жүргізуге.

Құпиялылықты сақтау жөніндегі міндеттеме

Сіз иелік еткен немесе болашақта иелік ететін инсайдерлік ақпарат қатаң құпиялы болып табылады және үшінші тұлғаларға ашуға жатпайды.

Құжатты заңсыз көшіруге тыйым салынады

Сіз өкілеттері жоқ тұлғалардың инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді шектеу жөніндегі барлық қолжетімді тиімді шараларды қабылдау керексіз.

Сіздің міндеттеріңіз:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Ереженің инсайдерлік ақпарат бөлігіндегі талаптарын орындау;

2) «КЕГОС» АҚ инсайдерлік ақпаратының құпиялылығын сақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты қолдануға Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Ережемен салынған тыйымдарды сақтау;

3) инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығын жойған кезде «КЕГОС» АҚ өз иелігіңіздегі инсайдерлік ақпаратты қамтитын ақпаратты тасығыштарды тапсыру және/немесе осындай ақпаратты жою бойынша шаралар қабылдау.

Инсайдерлік ақпаратты заңсыз қолданғаны үшін жауаптылық

Жоғарыда айтылған шектеулерді сақтамаған жағдайда, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану және тарату жағдайларында Сіз азаматтық-құқықтық, әкімшілік және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жауапқа тартылуыңыз мүмкін, сондай-ақ, егер сіз «КЕГОС» АҚ жұмыскері болып табылсаңыз, Сізге қатысты Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

Осы хабарламаға қол қоя отырып, Сіз Қазақстан Республикасы заңнамасының инсайдерлерге қатысты бекітілген жоғарыда аталған шектеулерін қабылдауды растайсыз, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты жария етпеу туралы жоғарыда аталған міндеттемелерді қабылдауды және инсайдерлік ақпаратты заңсыз қолданғаны және таратқаны үшін қолданылатын санкциялармен танысқаныңызды растайсыз.

Ереженің 9.1-тармағының 2), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 56-1-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес, осы ережені бекіту туралы хабарламаны алған сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде, Қоғамды, өздерінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу құқығы бар жұмыскерлері туралы жазбаша ақпараттандыруы тиіс.

Осы хабарламаға қол қоюды және осы хабарламаны алған күннен бастап 7 жұмыс күнінен кешіктірмей почта арқылы «КЕГОС» АҚ мекен-жайына қайтаруды сұраймыз.

_____ (Т.А.Ә., қолы)

_____ (Күні)

**«КЕГОС» АҚ Инсайдерлік
ақпаратты басқару ережесіне
Қосымша 3**

Н. СТ КЕГОС00-101-01

Мақұлдау парағы

Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
Басқарма төрағасы	Б.Т. Қажиев		
Басқарма төрағасының Бірінші орынбасары	Б.М. Жазықбаев		
Төрағаның Корпоративтік басқару жөніндегі орынбасары	Ж.М. Бексары		
Басқарма төрағасының Өндіріс бойынша орынбасары	А.А. Ақмурзин		
Техникалық бақылау және қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор	Б.Ж. Темірбеков		
Құқықтық қамтамасыз ету және қауіпсіздік жөніндегі басқарушы директор	К.Т. Жақыпбаев		
ҰЭТ-ты дамыту және жүйелік қызметтер бойынша басқарушы директор	А.Д. Қуанышбаев		
Филиалдар және ЕБҰ-мен жұмыс бойынша басқарушы директор	М.О. Бекенов		
Күрделі құрылыс бойынша басқарушы директор	Б.Д. Айтбеков		
Экономика жөніндегі басқарушы директор	А.Т. Ботабеков		
Бизнесті трансформациялау жөніндегі бас директоры	С.И. Катышев		
Заң департаментінің директоры	Т.Е. Сафуани		
Ішкі аудит қызметінің басшысы	О.О. Есетов		
Корпоративтік хатшы	Е.Б. Рамазанов		
Корпоративтік даму департаментінің бас менеджері үйлестірушісі	А.Н. Рамазанова		

Құжатты заңсыз көшіруге тайым салынады

Инвесторлармен байланыс департаментінің директоры	Д.К. Сағынтаева		
---	-----------------	--	--

ЕрКЕГОС 00-531-15-СД
1-ші басылым
**«КЕГОС» АҚ Инсайдерлік
ақпаратты басқару ережесіне
Қосымша 4**

Н. СТ КЕГОС 00-101-02

Танысу парағы

Лауазымы	ТАӘ	Күні	Қолы

**«КЕГОС» АҚ Инсайдерлік
ақпаратты басқару ережесіне
Қосымша 5**

Н. СТ КЕГОС 00-101-03

Өзгерістерді тіркеу парағы

Өзгеріс енгізуге негіз болған хабарлама №	Парақтар саны				Өзгеріс енгізген тұлғаның Т.А.Ә.	Өзгеріс енгізген тұлғаның қолы	Өзгеріс енгізілген күн
	өзгерті лді	ауысты рылды	жаңа	жойылд ы			
1	2	3	4	5	6	7	8

ЕрКЕГОС 00-531-15-СД

1-ші басылым

**«КЕГОС» АҚ Инсайдерлік
ақпаратты басқару ережесіне
Қосымша 6**

Н. СТ КЕГОС 00-101-04

Мерзімді тексерулерді есепке алу парағы

Тексеру жүргізілген күн	Тексеру жүргізген тұлғаның Т.А.Ә.	Тексеру жүргізген тұлғаның қолы	Ескертулерді тұжырымдау